


**5 МАУСЫМ  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
РЕФЕРЕНДУМ**

**Жаңа Қазақстан – жаңартылған КОНСТИТУЦИЯ 2022**



**Референдум кезінде басқа қалада жүрген азаматтар қалай дауыс береді?**



НҰР-СҰЛТАН. ҚазАқпарат – 5 маусымда өтетін республикалық референдум кезінде азаматтар есептен шығару куәлігімен болатын жеріндегі сайлау учаскесінде дауыс бере алады. Бұл туралы Орталық сайлау комиссиясынан мәлім етті, – деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі. «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңда азаматтардың тұрғылықты жерін ауыстырған кезде дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігі бойынша дауыс беру құқығы қарастырылған. Осыған байланысты Конституциялық заңның нормаларын іске асыру үшін Орталық референдум комиссиясы «2022 жылғы 5 маусымға тағайындалған республикалық референдум өткізу кезінде дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәліктерін берудің және есепке алудың

кейбір мәселелері туралы» қаулы қабылдады», – деп атап өтеді комиссиядан. Таратылған мәліметке сәйкес, қаулымен 2022 жылғы 5 маусымда республикалық референдум өткізу кезінде дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігін беру және есепке алу Орталық сайлау комиссиясының 2009 жылғы 8 сәуірдегі қаулысымен бекітілген тиісті қағидаларға сай жүзеге асырылады. 5 маусымда республикалық референдумда дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігінің нысаны белгіленді. Облыстық, республикалық маңызы бар қалалар мен республика елордасының комиссиялары: дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәліктерінің қажетті санын белгілейді және оларды дауыс берушілердің жалпы санының бір пайызынан аспайтын есеппен дайындауды қамтамасыз етеді; есептен шығару куәлігін дауыс беретін күнге дейін жиырма күннен кешіктірмей тиісті аудандық, қалалық, қаладағы аудандық комиссияларға бөледі және береді. Есептен шығару куәлігінің бес таңбалы сериялық нөмірі болады. Олар жоғары және төмен тұрған комиссиялардың төрағасы мен хатшысы қол қоятын актімен рәсімделеді, содан кейін олардың мөрімен расталады. «Дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігін көрсеткен кезде учаскелік комиссия дауыс беру күні азаматтарды оның болатын жері бойынша учаскедегі тізімге енгізеді. Есептен шығару куәлігі бір елді мекен шегіндегі басқа учаскеде дауыс беруге қатысқысы келетін азаматтарға берілмейді. Жоғалған есептен шығару куәлігі қалпына келтірілмейді. Есептен шығару куәлігінің көшірме нұсқалары берілмейді», – деп түсіндіреді Орталық сайлау комиссиясы.

www.inform.kz

**Конституцияға енгізілетін өзгерістер бизнеске әсер ете ме?**

Нұр-Сұлтан, BAQ.KZ тілшісі. «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы кәсіпкерлерге 5 маусымда өтетін референдумда Конституцияға енгізілетін өзгерістер туралы түсіндірді. Жиынға конституциялық реформалар туралы айтатын арнайы спикерлер шақырылды. Онлайн форматта жиынға өңірлердегі палата филиалдарының өкілдері қатысты. «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы төрағасының орынбасары Ербол Өстеміров Конституцияның үштен біріне өзгеріс енгізу көзделіп отырғанын айтты. Елдегі экономикалық және саяси өзгерістер аясында бизнестің қалай дамидыны өте маңызды, – деді Өстеміров. Кәсіпкерлерді Конституцияға енгізілетін өзгерістер бизнес саласына қалай әсер ететіні алаңдатады. Осыған орай, олар спикерлерге бірқатар сұрақ қойды. Елорданың қоғамдық кеңесінің мүшесі Бауыржан Смайылов саясат пен экономика бірге жүретінін айтты. Кәсіпкерлер елдегі реформаларға қатысуда белсенділік танытуы керек. Президентті қолдап, референдумға қатысуда



да ерекшеленуі керек деп ойлаймын, – деді Смайылов.

baq.kz

**Конституциялық реформа. Қай бап қалай өзгереді. 57-бап**



Нұр-Сұлтан, BAQ.KZ тілшісі. Бұған дейін 3 рет (1998, 2007, 2017 жылдары) өзгертілген 57-бап биыл да халық талқысына ұсынылды. Бұған дейінгі талқылауымызда атап өткеніміздей 15 баптан тұратын Ата заңымыздың IV бөлімі түгелдей Парламент палаталарының қызметі мен міндетіне, құқығы мен жұмыс бағытына арналған. 57-бапта Парламент палаталарының дербес, басқа палаталардың қатысуынсыз атқаратын міндеттерін айқындайды. Осы негізде 57-баптың 1-тармақшасына өзгеріс енгізу ұсынылды. Яғни, бұған дейін Конституциялық кеңестің екі мүшесін, Орталық сайлау комиссиясының екі мүшесін, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің үш мүшесін қызметке тағайындап келсе, жаңа жоба халық талқысынан өткен соң басқаша болады.

Яғни, Парламент палаталары дербес тұрып Конституциялық соттың үш судьясын, Орталық сайлау комиссиясының екі мүшесін, Жоғары аудиторлық палатаның үш мүшесін қызметке тағайындайтын болады. 57-бапқа енгізілген өзгерістерді төмендегі салыстырудан толығырақ білулеріңізге болады. Айта кетейік, Конституциялық реформаға ұсынылған Ата заңымыздың жаңа нұсқасы жақында жарияланды. Ал ескі нұсқасы Ақорданың ресми сайтында жарияланған қазіргі кездегі қолданыстағы Конституциядан алынды. 57-бап Жаңа нұсқада: 57-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын: «1) Конституциялық Соттың үш судьясын қызметке тағайындайды; Орталық сайлау комиссиясының екі мүшесін, Жоғары аудиторлық палатаның үш мүшесін бес жыл мерзімге қызметке тағайындайды;». Ескі нұсқада: 57-баптың 1-тармақшасы 1) Конституциялық Кеңестің екі мүшесін қызметке тағайындайды; Орталық сайлау комиссиясының екі мүшесін, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің үш мүшесін бес жыл мерзімге қызметке тағайындайды; Естеріңізге сала кетейік, Конституциялық реформада өзгертілген баптар: 4-бап, 6-бап, 15-бап, 23-бап, 24-бап, 42-бап, 43-бап, 44-бап, 46-бап, 47-бап, 50-бап, 51-бап, 52-бап, 53-бап, 54-бап, 55-бап, 56-бап.

baq.kz


**Референдумның ашық өтуі үшін тәуелсіз байқаушылардың жұмысы маңызды**



Нұр-Сұлтан, BAQ.KZ. «Партиялық емес байқау орталығының» төрағасы Төлеген Күнәділов «Ауыл» ХДП хатшысы Анас Баққожаевпен кездесті. Кездесу барысында Төлеген Күнәділов қатысушыларды партиялық емес байқау орталығының қызметімен таныстырып, орталық өкілдерінің референдум барысын байқауға қатысу жоспарлары туралы айтты. Саяси оқиғаның маңыздылығын айта келе, Төлеген Күнәділов байқаудың негізгі принциптеріне тоқталып, республикалық және өңірлік байқаушылар штабтарының ағымдағы жұмысы туралы хабардар етті. Біздің ең маңызды міндетіміз – референдум кезінде азаматтардың сөз бостандығының бұзылуына жол бермеу. Біз еліміздің барлық өңірлерінде байқаушылар пулын қалыптастыру жұмыстарын жүргіздік, оларға қазір оқыту өтіп жатыр. Байқаушыларды даярлау – біздің қызметіміздің маңызды кезеңі, өйткені қоғамдық байқаудың бүкіл процесінің тиімділігі соған байланысты, – деді Төлеген Күнәділов. Оның айтуынша, бүгінде байқаушылардың көпшілігі дайындықтан өткен. Өз кезегінде «Ауыл» партиясының хатшысы Анас Баққожаев «Партиялық емес байқау орталығының» бастамасын қолдайтынын жеткізді. Қоғамдық байқаушылардың референдумға қатысуы азаматтардың таңдау бостандығына, конституциялық құқықтарын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Референдумның ашықтық, жариялылық және әділеттілік жағдайында өтуі үшін тәуелсіз байқаушылардың жұмысы өте маңызды, – деді Анас Баққожаев. Кездесу соңында тараптар алдағы референдумды құқықтық мемлекеттің демократиялық қағидаттарына сәйкес өткізудің маңыздылығын атап өтті.

baq.kz

**Ақмолинской молодежи разъяснили поправки в Основной Закон страны**



В регионе продолжают встречи с населением по разъяснению референдума по поправкам в Конституцию страны. В Бурабайском районе в высшем педагогическом колледже прошла диалоговая площадка с участием исполнительного директора ОЮЛ «Конгресс молодежи Казахстана», члена совета по делам молодежи Тохтара Большова и других представителей республиканских молодежных организации со студентами, активистами и руководителями ресурсных центров. По словам Тохтара Большова, современная молодежь является двигателем прогресса. Именно молодые патриоты должны понять важность предстоящего референдума. «Важно принять участие в референдуме, открыто высказать свое мнение, внести свой вклад в общество, сделать шаг в будущее, в новую жизнь страны. Я думаю, что, только объединившись в одну семью, мы сможем построить благополучную и мирную страну, как нам бы хотелось. Стоит отметить, это исторический момент в нашей республике. Используя этот момент, наша задача – повысить интересы нашего государства во имя его будущего, потому что от этого референдума напрямую зависит будущее развития нашей страны. Я положительно смотрю на предстоящий референдум, на поправки в Конституции, так как закладывается фундамент процветания молодежи и нашей страны в целом», – отметил спикер. В рамках встречи участники мероприятия поделились планами и целями на ближайший год. Всего приняло участие порядка 150 человек. В завершение встречи участники задавали гостям интересующие их вопросы и получили исчерпывающие ответы.